

**«Арбиген жалпы орта білім беру мектебі» КММ-де
Мемлекеттік қорытынды аттестаттау 9 бойынша ата-аналар жиналысының
хаттамасы**

Жиналыс бастығы: Ахмет Г.

Жиналыс хатшысы: Бектемиров Е.Б.

Күні: «02» ақпан 2026 ж.

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Мемлекеттік қорытынды аттестаттау – 2026»

Күн тәртібі:

1. 9 -сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу ережелерімен таныстыру.
2. «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» алу үміткерлеріне қойылатын талаптар.
3. Емтихан кезіндегі қауіпсіздік және психологиялық дайындық.

1. Тыңдалды:

Оқу ісінің меңгерушісі Мусанова Қайырпану мемлекеттік қорытынды аттестаттаудың нормативтік құжаттарын таныстырды. 9-сыныптар үшін (ана тілі, алгебра, орыс тілі, таңдау пәні бойынша қазақ әдебиеті). Оқушылар өздері таңдауы бойынша пәнді қазақ әдебиетін таңдады. Консультация кестесі бекітілген, сол бойынша пән мұғалімдері консультация өткізеді. Жыл бойы оқушыларға пән мұғалімдері ББЖМ-ға дайындық жүргізді. Тест ссылқалары арқылы тестер алынды, нәтиже жақсы. Оқушылар өз білімдеріне сәйкес көрсете білді. Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындықты күшейту керек.

2. Тыңдалды:

Мектеп директоры Ахметқызы Гаухар - 9 сыныпта «Үздік аттестат» алу үшін 5-9 сыныптарда жылдық бағалары «5» деген баға болу керек. «Алтын белгіге» бітіру үшін оқу үлгерімінің «5» (өте жақсы) болуы, сондай-ақ 11-сыныпта «Үздік аттестат» үшін 10-11 сыныптардың барлық тоқсандық және жылдық бағалары «5» болуы шарт екенін еске салды. Биылғы оқу жылында біздің мектепте 11 сынып бітіретін оқушылар жоқ.

3. Тыңдалды:

Мектеп психологы ата-аналарға емтихан кезінде балаға психологиялық қолдау көрсету, дұрыс күн тәртібін сақтау бойынша кеңес берді.

Жөн сөз сойледі:

Смаилханова Балгүль – қызым Айымның сабағы жақсы, үйде сабағын қадағалап, көмектесіп отырамын.

Шешім қабылданды:

1. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау ережелері ата-аналарға таныстырылды, назарға алынды.
2. Емтихан талаптарын сақтау, балалардың сабаққа қатысуын бақылау ата-аналарға жүктелсін.
3. Қорытынды аттестаттау жоғары деңгейде өткізілсін.

Жиналыс бастығы: Ахмет Г.

Жиналыс хатшысы: Бектемиров Е.Б.